



Бүгін, яғни 28 шілдеде Астана қаласындағы «Корме» көрме орталығында «Ұлы дала елі» III отандық өнім өндірушілер Форумы өтті. Басты мақсаты отандық өнім өндірушілер мен тұтынушылар арасында сапаны жақсарту, өнім сатылымын алға жылжыту мен экспортқа шығу мүмкіндіктері секілді тақырыптарды талқылайтын ашық алаң ұйымдастыру болып табылады.

Форум аясында 28-30 шілде күндері қазақстандық өнім өндірушілердің III «Қазақстанда жасалған» республикалық көрмесі және «Қазақстанның Үздік тауары» республикалық конкурс-көрмесі де өтеді.

«Қазақстанда жасалған» көрмесіне Қызылорда облысынан «Бизнестің жол картасы 2020» Бірыңғай бағдарламасы аясында қолдау алған 12 шағын және орта бизнес кәсіпорындары қатысады.

Форумда сөз сөйлеген Шиелі ауданынан келген кәсіпкер Айтқұл Әбдіқадырова өз тарапынан кен аukumды іс-шараның маңыздылығын атап өтті.

- Мен бизнесімді көп кәсіпкерлер секілді саудамен айналысудан бастадым, бүгінде мемлекеттік қолдау арқылы бизнесімді әртараптандырып, өндіріспен айналысуды қолға алдым. Қазіргі таңда менің компаниям қызмет көрсету, қоғамдық тамақтану мен балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелер ұйымдастыру және кондитерлік өнімдер шығару секілді бірнеше саланы табысты жүзеге асырып келеді. Ескере кетсем, «Даму» Қорының көмегімен пластикалық заттар шығаратын цех ашуга жұмсалатын несие алу үшін өтініш бердік. Оз өнімдерім мен қызметімді бүкіл республикадан келген өкілдерге таныстыруға мүмкіндік берген қормені ұйымдастырушыларға өз алғысымды білдіремін, - деді ол.

Жанакорған ауданының жас кәсіпкері Ләззат Толегенова астаналық тұрғындарға кондитерлік және нан өнімдерін ұсынды. Оның «Несіпқұл» атты кондитерлік цехы үш жыл бұрын ғана ашылса да, бүгінде Жанакорған ауданындағы үздік кәсіпорындар қатарында. Ләззат Толегенованың цехындағы барлық тағамдар тек табиғи қоспалар мен өнімдерді пайдалана отырып, қолмен жасалады. Сондай-ақ қормеде тамақ өнеркәсібінен біздің аймақтан ЖК «Үста Сәмі» және ЖК «Шашауова Мейрамқұл» компанияларға да өз өнімдерін ұсынды.

Қормеге келушілерге Шиелі ауданынан барған Гүлмира Шакированың тігін цехынан шыққан сапалы текстиль өнімдерін бағалау мүмкіндігі туды. Қазіргі таңда оның тауарлары тек Шиелі ауданында ғана емес, сонымен қатар Қызылорда қаласының нарығында да сатылып жатыр. Бизнесінің осы саласынан өз туындыларын көрсеткен өзге де қызылордалық компаниялар, яғни ЖК «Мырзақұлова», «Қарлығаш колонершілер орталығы» Үкіметтік емес коммерциялық емес мекемесі және келушілерді ұлттық нақышта тігілген тігін өнімдерімен танғалдырған ЖК «Алтынай» болды.

Қармақшы ауданынан келген «Мир-2001» компаниясы қормеде жоғары сапалы құрылыс материалдарымен таныстырды. «Даму» Қорымен бірлесе әріптестік жұмыс жасаудың арқасында компания шығаратын өнім көлемінің 15%-ға өсуі байқалды. Қызметкерлердің орташа жылдық саны 20%-ға, ал бюджетке төлегенін салық көлемі 10%-ға артты.

Қормеге белсенді қатысқан Қызылорда облысының компаниялары қатарында «Қызылорда-Қанағаты» ЖШС, «Zere Group Construction» ЖШС, ЖК «Beauty corp.kz»

және ЖК «Art-Design» болды.

Көрме қонақтарын өз тауарлары мен қызметтерін ұсынған отандық өндірушілердің өнімдерін бағалауға үлкен тандау, дәмін татып қору, қызықты мастер-класстар және квн сайын сағат 16.00-де өткізілетін бағалы сыйлықтар ұтыс ойыны да қытуда.

«Даму» Қоры облыстық филиалының баспасөз қызметі